

Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2019 жылға арналған квотаны белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 890 қаулысы.

Баспасөз релизі!

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабының 1 және 4-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2019 жылға арналған квота жұмыс күшінің санына шаққанда пайыздық қатынаста мынадай:

- 1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес экономикалық қызмет түрлері бойынша;
- 2) еңбекші иммигранттарды тартуға 4,2 % мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 890 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2019 жылға арналған квота

Р/с №	Экономикалық қызмет түрі	жұмыс күшіне шаққанда %
1	2	3
1	Құрылыс	0,2142 %
2	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	0,0409 %
3	Өңдеу өнеркәсібі	0,0366 %
4	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	0,0005 %
5	Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау	0,0004 %
6	Ауыл, орман және балық шаруашылығы	0,0294 %
7	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдарды жөндеу	0,0167 %
8	Көлік және қоймаға жинау	0,0087 %
9	Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	0,0118 %
10	Ақпарат және байланыс	0,0033 %

11	Қаржы және сақтандыру қызметі	0,0019 %
12	Жылжымайтын мүлікпен орындалатын операциялар	0,0016 %
13	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	0,0478 %
14	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	0,1068 %
15	Білім беру	0,0028 %
16	Денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер	0,0029 %
17	Өнер, ойын-сауық және демалыс	0,0008 %
18	Өзге де қызмет түрлерін ұсыну	0,0104 %
	Жиыны	0,54 %

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК